

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 қазандағы N 1359 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 сәуірдегі N 497 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтаудың жария шартының үлгі нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 қазандағы N 1359 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 36-37, 475-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтаудың жария шартының үлгі нысаны осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 30 сәуірдегі
N 497 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 24 қазандағы
N 1359 қаулысымен

бекітілген

Астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы астықты сақтаудың жария шартының үлгі нысаны

(елді мекен)

Бұдан әрі "Иеленуші" деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____ атынан _____ және бұдан әрі "АҚК" (а с т ы қ и е с і)

деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____ атынан, _____ бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, (а с т ы қ қ а б ы л д а у к ә с і п о р н ы)

мына төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Осы шартқа сәйкес және оның талаптарымен АҚК-нің астықты сақтау жөнінде өтелімді қызметтер көрсетуі осы шарттың мәні болып табылады.

2. Сақтауға берілетін астықтың көлемі мен сипаттамасын, астықтың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жеткізілетін сапа көрсеткіштерін осы шарттың 1-қосымшасына сәйкес тараптар анықтайды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1 . А Қ К :

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өтінімде көрсетілген сан мен көлемде Иеленуші өтінім берген сәтінен бастап 3 күннен аспайтын мерзімде сақтауға қабылданған астыққа астық қолхаттарын беруге;

2) Астықты қабылдағанда оның сапасын анықтауды осы шарттың 1-қосымшасында көрсетілген стандартқа сәйкес жүзеге асыруға;

3) Иеленуші берген астықты астық қолхаттарында көрсетілген сан мен сапада с а қ т а у д ы қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

4) Мемлекеттік стандарттармен, техникалық регламенттермен, техникалық шарттармен және нормативтік құқықтық кесімдермен белгіленген сақтау ш а р т т а р ы н о р ы н д а у ғ а ;

5) Астықтың сақталу орнын қарауға және астықтың сынамаларын іріктеп алуға Иеленушіге не оның уәкілетті өкіліне мүмкіндік беруге;

6) Иеленушінің талабы бойынша, Иеленушінің астықты босатуға жазбаша өтінімін тіркеген сәттен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей, астық қолхатына айырбасқа, өтінімде көрсетілген астықтың көлемін босатуды (тиеп жіберуді) бастауға және оны "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 және 40-баптарында және осы шарттың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚК-нің техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес аяқтауға міндеттенеді. Астықты босату (тиеп жіберу) астық рыногы саласындағы уәкілетті

орган бекіткен Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу ережесіне сәйкес жүргізіледі;

7) Сақталудағы астықтың жойылу немесе бүліну қаупі туындаған жағдайларды қоспағанда, Иеленушінің келісімінсіз үшінші тұлғалардың астық қоймаларына сақтауға астықты ауыстырмауға. Үшінші тұлғаға, астықты сақтауға бергені туралы АҚК Иеленушіге тезарада хабарлауға міндетті. Бұл ретте АҚК астықты сақтауға берген үшінші тұлғаның әрекетіне толық жауап береді;

8) Иеленушіге оның өтінімі бойынша үш жұмыс күні ішінде АҚК-нің техникалық мүмкіндіктері, осы шарттың 2-қосымшасына сәйкес Иеленушіге тиесілі астықтың бар-жоғы және қозғалысы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның дербес шоты бойынша астық есебінің деректерін беруге;

9) Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты жөндеуге тоқтатуға дейін 45 күн қалғанда, астық рыногы саласындағы уәкілетті орган бекіткен Астықты сақтау ережесімен белгіленген мерзімнен аспауға тиіс жөндеуді жүргізудің мерзімін көрсетіп, астықты қабылдау мен босатудың (тиеп жіберудің) мүмкін еместігі туралы Иеленушіні хабардар етуге;

10) Егер АҚК астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатыспаған жағдайда, осы шарт бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға;

11) Астықты сақтау процесінде зиянкестермен астықтың бүлдірілгені анықталған жағдайда, өз есебінен зарарсыздандыруды жүргізуге;

12) Астықты сақтау бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясын тоқтата тұру, қайтып алу туралы, сондай-ақ қайта ұйымдастырылуы, атауының өзгергені туралы шешімнің қабылданғаны туралы, банкроттық рәсімінің қозғалғаны, АҚК-нің өз еркімен таратылуы туралы тиісті шешім қабылданған сәтінен бастап үш жұмыс күні ішінде Иеленушіге жазбаша хабарлауға;

13) Астық рыногы саласындағы уәкілетті орган бекіткен Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу ережесіне сәйкес астықты осы шарттың 1-қосымшасында белгіленген сапалық көрсеткіштерге дейін жеткізу нәтижесінде алынған астық қалдығын қайтаруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2 . А Қ К - н і ң :

1) Осы шарттың 3-бөліміне сәйкес қызметтер көрсету үшін ақы төлеуді талап етуге ;

2) Көрсетілген қызметтер көрсетуге ақы төлеу бойынша Иеленушінің берешегі болса, астықты босатудан (тиеп жіберуден) бас тартуға;

3) Астықты босатуда (тиеп жіберуде) Иеленушімен бірлесіп астықты оның астық қолхатында көрсетілген сандық-сапалық көрсеткіштерге сай екенін карауды, немесе өз есебінен шығыстарды өтей отырып, тәуелсіз сарапшылық бағалауды жүргізуге құқығы бар;

3 . И е л е н у ш і :

1) Осы шарттың 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен және жағдайда АҚК-нің қызметтер көрсетуіне уақтылы ақы төлеуге;

2) АҚК-ге астықты алдағы тиеп жіберу туралы жазбаша өтінім беруге м і н д е т т е н е д і .

4 . И е л е н у ш і :

1) Астық қолхатында көрсетілген көлемде АҚК-де сақтаудағы астыққа иелік е т у г е ;

2) Осы шарттың 1-қосымшасында көрсетілген стандарт бойынша астықты қабылдағанда оның сапасын анықтауға;

3) Астықты қабылдау және босату (тиеп жіберу) кезінде оны өлшеуге қ а т ы с у ғ а ;

4) Астықты сақтау орнын қарауға және астықтың сынамасын іріктеп алуға;

5) АҚК астықты босату (тиеп жіберу) кезінде АҚК-мен бірлесіп астықты оның астық қолхатында көрсетілген сандық-сапалық көрсеткіштерге сай екенін қарауды, немесе өз есебінен шығыстарды өтей отырып, тәуелсіз сарапшылық б а ғ а л а у д ы жү р г і з у г е ;

6) Өтінім бойынша АҚК-нің техникалық мүмкіндіктері, осы шарттың 2-қосымшасына сәйкес Иеленушіге тиесілі астықтың бар-жоғы және қозғалысы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның дербес шоты бойынша астық есебінің д е р е к т е р і н а л у ғ а ;

7) Астық қалдығын қайтаруға және астықты осы шарттың 1-қосымшасында белгіленген сапалық көрсеткіштерге дейін жеткізу нәтижесінде алынған астық қалдығына иелік етуге құқылы.

3. Сыйақы төлеу

1. Әрбір операция бойынша жеке астықты сақтау жөнінде қызметтер көрсету (қабылдау, кептіру, тазалау, сақтау, тиеп жіберу) үшін АҚК-нің сыйақы сомасы АҚК-нің оларды көрсетумен байланысты барлық шығыстарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салық және басқа да міндетті төлемдерді қамтиды және осы шарттың 1-қосымшасында анықталады.

2. Рынокта үстем жағдайға ие АҚК қызметтер көрсетуінің бағалары (тарифтері) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен а н ы қ т а л а д ы .

3. Астықты сақтау жөніндегі қызметтер көрсетуге ақы төлеу ақшамен не Тараптардың келісімімен анықталған баға бойынша индоссамент жасау арқылы

сақталудағы астықтың тиісті көлемін беру жолымен жүргізілуі тиіс.

4. Қызметтер көрсетуге ақы төлеу мерзімі Тараптардың келісімі бойынша осы шарттың 1-қосымшасына сәйкес анықталады.

4. Шарттың қолданылу мерзімі

1. Осы шарт астық рыногы саласындағы уәкілетті орган бекіткен Астықты сақтау ережесінде белгіленген сақтау мерзімінен аспайтын, Иеленушінің талап етуімен белгіленген мерзімге жасалды және өзінің қолданысын Тараптар өздерінің міндеттемелерін толық орындаған жағдайда тоқтатады.

2. АҚК-нің бастамасымен шартты бұзуға жол берілмейді.

5. Тараптардың жауапкершілігі

1. Сақталудағы астық жоғалған, кем шыққан, бүлінген, зақымдалған, сапасы төмендеген жағдайда АҚК Иеленушінің пайдасына тиісінше жоғалған, кем шыққан, бүлінген, зақымдалған астықтың не сапасы төмендеген астық құнының ___% мөлшерінде айыппұл төлейді.

2. Осы шарттың 2-бөлімінде көзделген өзге де міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін АҚК мөлшерінде айыппұл төлейді.

3. АҚК астықтың жоғалуы, кем шығуы, бүлінуі, зақымдалуы, сапасының төмендеуі тежеусіз күштің не Иеленушінің пиғылы немесе оғаш абайсыздығының салдарынан болғанын дәлелдесе, жауапкершіліктен б о с а т ы л а д ы .

4. Айыппұл санкцияларының сомасы, астық құнының өтемі, сондай-ақ АҚК әрекетінің (әрекетсіздігінің) нәтижесінде Иеленушіге келген зияндардың сомасы өтеу сәтінде қалыптасқан баға бойынша анықталады.

5. Тараптар белгілеген сыйақы төлеу мерзімін Иеленуші бұзған жағдайда Иеленуші әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін төленбеген соманың % мөлшерінде өсімақы төлейді.

6. Басқа Тараптың қабылдаған міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы нәтижесінде Тараптардың біреуіне келген зияндар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрақсыздық айыбынан тыс өтеледі.

7. Айыппұл санкцияларын төлеу Тараптарды осы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

6. Дауларды қарау тәртібі

1. Осы шарт бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар туындаған дауларды сотсыз шешу үшін барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

2. Туындаған даулар бойынша келісімге қол жетпесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотта қаралуға жатады.

7. Басқа да жағдайлар

1. Осы шарт бойынша құқықтар мен міндеттер индоссамент жасалған кезде астық қолхаты бойынша құқықтарды берумен бір уақытта астық қолхатында көрсетілген көлемде беріледі. Бұл ретте индоссамент индоссамент жасалған сәттен бастап он күнтізбелік күннің ішінде астық қолхаты бойынша құқықтарды қабылдағаны туралы АҚК-ге хабарлайды.

2. Қызметтер көрсетуге тарифтер өзгергенде, астық жеткізілген сапалық көрсеткіштерді жақсарту қажет болғанда немесе АҚК-ге жаңа астық партиялары түскенде тиісті өзгерістер осы шартқа қосымша 1-қосымшаға қол қою арқылы ресімделеді.

3. Осы шартқа барлық қосымшалар оның ажырамас бөлектері болып табылады, олар жазбаша түрде ресімделуі, оларға Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылуы және мөрлермен расталуы тиіс.

4. Осы шартпен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

5. Осы шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден, мемлекеттік және орыс тілінде, бірдей заң күші бар 2 дана жасалды.

8. Тараптардың деректемелері мен қолдары

Астық қабылдау кәсіпорны
мен астық иесі арасындағы астықты
сақтаудың жария шартының үлгі нысанына
1-қосымша

200__ж. "___" _____N_____ шартқа астықтың сандық-сапалық
көрсеткіштері және астықты сақтау бойынша қызметтер көрсетудің құны
"_____" _____200__ж. N_____

Р/с|Сақтауға берілетін астықтың|Стан.|АҚК астықтың жеткізілетін
N |көлемі мен сипаттамасы |дарты| сапалық көрсеткіштері
|-----| |-----|
|Да.|Сор. |Себу |Егін|Саны, | | |Ылғал.|Арам.|Дәндік |Себу
|кыл|ты, |стан.|жи. |тонна,| | |дылығы|шөп. |қоспасы|стандарты

| реп. | дар. | нау | дейін | | бой. | тік | бойынша | сыныбына
 | ро. | тының | жылы | | | ынша | қос. | % | дейін
 | дук. | сыны. | | | | % | пасы | | (тұқым
 | ция. | бы | | | | | бой. | | үшін)
	сы		(тұ.					ынша	
	(тұ.	қым					%		
	қым	үшін)							
	үшін)								

Операция түрі | Қызметтер көрсету | Төлеу мерзімі
 | бағасы, теңге |

Қабылдау,	1	тонна	үшін	теңге
Кептіру,	1	тонна-пайыз	үшін	теңге
Тазалау,	1	тонна-пайыз	үшін	теңге
Сақтау,	айына	1 тонна	үшін	теңге
Т/ж	көлігімен		тиеп-жөнелту,	
1	тонна	үшін	теңге	
Автокөлікпен	тиеп-жөнелту,		1	тонна
үшін	теңге			

Соның ішінде ҚҚС ___ %.

Иеленуші:

А Қ Қ :

Басшы: _____

Басшы: _____

М.О.

М.О.

Астық қабылдау кәсіпорны
 мен астық иесі арасындағы астықты
 сақтаудың жария шартының үлгі нысанына
 2-қосымша

200__ж. _____ астықтың бар-жоғы және қозғалысы
 айы Иеленушінің атауы туралы мәліметтер

Р/с|Ас. |Бе.|Жет.|Да.|Сы.|Егін|Сор.|Ре. |Се. |Ыл. |Арам.|Дән.|Дән
 N |тық |рі.кі. |қыл|ны.|жи. |ты |про.|бу |ғал.|шөп. |дік |ма.
 |қол. |лу |зу. | |бы |нау | |дук.|стан.|ды. |тік |қос.|ңы.
 |хаты.|кү.|ші | | |жылы| |ция.|дар. |лығы|қоспа|па |зы,

ның	ні							сы	ты.	%	%	%	%/
се.									ның				Бе.
рия.									сы.				лок,
сы									ны.				%
мен									бы				
нө.													
мірі													

таблицаның жалғасы

Дән	Залал.	Жылтыр.	Таби.	Ай	Бел.	Кіріс							Шығыс
ма.	дануы	лығы,%	ғаты,	ба.	гі.								
ны.			г/л	сын.	сі	Ас.	Ин.	Ас.	Ас.	Индо.	Жө.	Ай	
зы.				дағы	(мем.	тық	дос.	тық	тық	сса.	не.	со.	
ның				қал.	ре.	қол.	са	қол.	қол.	мент	лту	ңы.	
са.				ды.	сурс	ха.	ме.	ха.	ха.				н.
па.				ғы	түрі)	тын	нт	тын	тын				да.
сы,					ай.		қал.	ай.					ғы
бі.					ыр.		пы.	ыр.					қа.
рл.					бас.		на	бас.					лд.
					тау		кел.	тау					ығ.
							тіру						ы

АҚК-ның басшысы: _____

М.О.